**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ**

**Ақпарат, кітапхана және баспа ісінің стандарттар жүйесі**

# БАСЫЛЫМ
# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТЫ КІТАП НӨМІРІ (ISBN)
**Баспалық рәсімделуі және қолданылуы**

# ИЗДАНИЯ
# МЕЖДУНАРОДНЫЙ СТАНДАРТНЫЙ КНИЖНЫЙ НОМЕР (ISBN)
**Издательское оформление и использование**

**ҚР СТ 994-2012**

*(ISO 2108:200 Information and documentation.*
*International standard book number (ISBN), MOD)*

**Ресми басылым**

«...СтИн» РМК Оңтүстік филиалы
ТЕКСЕРІЛДІ/ПРОВЕРЕН
«28» 08 2018 ж.
Қолы

**Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің**
**Техникалық реттеу және метрология комитеті**
**(Мемстандарт)**

**Астана**

http://www.mcast.kz/ru/shop/
Страница 1 из 41
РГП "Казахстанский институт стандартизации и сертификации"
Электронная копия нормативного документа

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ**

**Ақпарат, кітапхана және баспа ісінің стандарттар жүйесі**

# БАСЫЛЫМ

# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТЫ КІТАП НӨМІРІ (ISBN)

## Баспалық рәсімделуі және қолданылуы

## ҚР СТ 994-2012

*(ISO 2108:200 Information and documentation.*
*International standard book number (ISBN), MOD)*

**Ресми басылым**

**Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің**
**Техникалық реттеу және метрология комитеті**
**(Мемстандарт)**

**Астана**


РГП "Казахстанский институт стандартизации и сертификации"
Электронная копия нормативного документа

## Алғысөз

**1** «Қазақстан Республикасы Ұлттық мемлекеттік Кітап палатасы» РММ **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

**2** Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2012 жылғы 08 қазандағы № 472-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

**3** Осы стандарт (ISO 2108-2005 Ақпарат және құжаттама. Халықаралық стандартты кітап нөмірі (ISBN) Information and documentation. International standard book number (ISBN) халықаралық стандартына сәйкес құрылымын өзгерту және қосымша ережелер енгізу жолымен өзгертілген, стандарттың Кіріспесінде себептеріне түсініктеме берілген.

ISO 2108:2005 халықаралық стандартын ISO/TC 46 Ақпарат және құжаттама, Техникалық комитеті, SC 9 «Анықтау және сипаттау» ішкі комитеті әзірледі.

Аударма ағылшын тілінен - (en).

ISO 2108:2005 халықаралық стандартының негізінде әзірленген осы ұлттық стандарттың ресми данасы «Нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорында» бар.

Халықаралық стандарттың құрылымын осы стандарт құрылымымен салыстыру А қосымшасында көрсетілген.

Сәйкестік дәрежесі - түрлендірілген (MOD).

**4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ** 2017 жыл
**ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ** 5 жыл

**5** ҚР СТ 994-96 Ақпарат, кітапхана және баспа ісінің стандарттар жүйесі. Басылым. Халықаралық стандартты кітап нөмірі. Құрылымы, құрамы, жазылуы **ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ**



http://www.memst.kz/ru/shop/ Страница 4 из 41
РГП "Казахстанский институт стандартизации и сертификации"
Электронная копия нормативного документа

*Осы стандартқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат «Қазақстан Республикасы стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» көрсеткішінде, мәтіндегі өзгерістер ай сайынғы «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық көрсеткіштерінде жарияланады. Стандартты қайта қараған (тоқтатқан) немесе өзгерткен жағдайда тиісті ақпараттар ай сайынғы «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық көрсеткішінде жарияланады.*

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды.



http://www.memst.kz/ru/shop/
Страница 5 из 41
РГП "Казахстанский институт стандартизации и сертификации"
Электронная копия нормативного документа

## Мазмұны


| | | |
|---|---|---|
| | Кіріспе | V |
| 1 | Қолданылу саласы | 1 |
| 2 | Нормативтік сілтемелер | 1 |
| 3 | Терминдер және анықтамалар | 2 |
| 4 | Халықаралық стандартты кітап нөмірінің құрылымы | 3 |
| 5 | ISBN тағайындау | 4 |
| 6 | ISBN басылымдарда орналасуы | 6 |
| 7 | ISBN және штрих-коды | 8 |
| 8 | А қосымшасы (*ақпараттық*). Халықаралық стандарттың құрылымын ұлттық стандарттың құрылымымен салыстыру | 9 |




http://www.memst.kz/ru/shop/ РГП "Казахстанский институт стандартизации и сертификации" Электронная копия нормативного документа
Страница 6 из 41

# Кіріспе

Осы стандарт ҚР СТ 994-96 «Ақпарат, кітапхана және баспа ісінің стандарттар жүйесі. Басылым. Халықаралық стандартты кітап нөмірі. Құрылымы, құрамы, жазылуы» бұрын қолданылған стандарт негізінде және 2005 жылы ISO 2108 халықаралық стандартын қайта қарастыруға байланысты әзірленді.

ISO 2108:2005 халықаралық стандартынан айырмашылығы осы стандартқа мынадай өзгерістер енгізілді:

- «Қолданылу саласы» Бөлімінде стандарттың қолданылуы таратылатын республика субъектілері қосымша көрсетілген;
- «Нормативтік сілтемелер» Бөлімінде Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын «ГОСТ» аббревиатурасымен өңірлік стандарттарға сілтемелер көрсетілген;
- «Терминдер және анықтамалар» Бөлімінен мына терминдер алынып тасталды: «үздіксіз басылымдар» және «біріккен басылымдар», өйткені, жалпы жағдайда сериялық басылымдардың халықаралық стандартты нөмірі (ISSN) тағайындалатын журнал және газет басылымдарына жатады;
- ISBN кодын берудің Ресей және Қазақстандағы тәжірибесін басшылыққа алсақ, Ресейде және Қазақстанда 5.9 тармағына кітап басылымдарына қатысты 12 жаңа өнім түрлері енген. 5.10 тармағына да бір мезгілде ISBN тағайындалмайтын өнімнің 8 түрі енгізілген. Олар бір реттік немесе уақытша сипаттағы шектеулі қолданысқа ие болады;
- 7-бөлім ISBN негізінде құрылған, ГОСТ ISO/IEC 15420 және көп томды 7.2 тармағы бойынша көп томды басылымға штрих-код тағайындау ерекшеліктерін сипаттайтын бөлігінде штрих-код мысалдарымен толықтырылған;
- 5-бөлімге A.1.1 - A.1.11, A.2, A.3, A.4, A.5; A.6 тармақтарының ережелері; А қосымшасы енгізілген (осы стандарттың А қосымшасын қараңыз);
- Стандартқа ISO 2105:2005 стандартынан 7, 8-бөлімдер мен B, C, D, E, F қосымшалары мына төмендегі себептер бойынша енгізілген жоқ:

а) 7-бөлім – ISBN беру барысында техникалық емес, шартты келісімдерді бекітеді;

б) 8-бөлім және В қосымшасы – Қазақстанның ISBN Тіркеу Агенттігінің міндеттері ISBN Халықаралық агенттігі және Қазақстан ISBN Тіркеу Агенттігі арасындағы Келісім-шартпен қарастырылған;

в) С қосымшасы – 13 санды ISBN үшін бақылау саны есебінің алгоритмі стандарттың 4.6 тармағында сілтеме көрсетілген ГОСТ ISO/IEC 15420 бойынша анықталады;

г) D қосымшасы – қазақстандық баспагерге ISBN тағайындау үшін Қазақстан ISBN Агенттігіне берілген тіркеу тобы нөмірлерінің шамасы Халықаралық ISBN Агенттігінен алынған Сертификатта қарастырылған;



http://www.memst.kz/ru/shop/ РГП "Казахстанский институт стандартизации и сертификации" Электронная копия нормативного документа
Страница 7 из 41

д) Е қосымшасы – ТМД елдерінде қолданыстағы және осы мемлекеттер аумағындағы кітап басылымдарының шығу мәліметінің сәйкестігін қамтамасыз ететін кітап басылымдары үшін шығу мәліметтері ГОСТ 7.4 бойынша қарастырылған;

е) F қосымшасы – ISBN әріптік-сандық он санды коды 01.01.2007 жылға дейін қолданылған.

B, C, D, E, F қосымшаларын алып тастауға байланысты стандартқа «Библиография» құрылымдық элементі енгізілмейді.

Өзгертілген техникалық талаптар мен құрылымның өзгеруі стандарт мәтінінде курсивпен көрсетілген.

Осы стандарттың 4.1, 6.6, 6.8 және 6.9 тармақтарында мысалдар шартты түрде көрсетілген.



http://www.memst.kz/ru/shop/
Страница 8 из 41
РГП "Казахстанский институт стандартизации и сертификации"
Электронная копия нормативного документа

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

**Ақпарат, кітапхана және баспа ісінің стандарттар жүйесі**

## Басылым
## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТЫ КІТАП НӨМІРІ (ISBN)

**Баспалық рәсімделуі және қолданылуы**

**Енгізілген күні 2013-07-01**

## 1 Қолданылу саласы

Осы стандарт кітап басылымдарының пішіндері мен барлық түрлеріне және қайта басылымдарына (ары қарай – басылым, жарияланым) бірыңғай идентификациялық жүйе ретінде қолданылатын Халықаралық стандартты кітап нөміріне (ISBN) таратылады және ISBN құрылымын, құрамын, жазылу пішінін, басылымдарда орналасуын және тағайындау барысын белгілейді.

ISBN басқа басылымдармен бір бүтінді құрайтын басылымдардың идентификациясы үшін қолданылады, мысалы, аудио немесе аудиовизуальды (кітап басылымы және оның дыбыс жазбасы).

*Стандартты Қазақстан ISBN тіркеу агенттігі, баспа ісімен айналысатын ұйымдар, оның ішінде баспалар, полиграфиялық мекемелер (ары қарай – баспагер), кітап саудасы ұйымдары қолдануы тиіс.*

## 2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет. Күні көрсетілмеген сілтемелерге сілтеме құжатының соңғы басылымы қолданылады (барлық өзгерістерімен бірге).

*ГОСТ 7.4-95 Ақпарат, кітапхана және баспа ісінің стандарттар жүйесі. Басылым. Шығу мәліметі.*

*ГОСТ 7.60-2003 Ақпарат, кітапхана және баспа ісінің стандарттар жүйесі. Басылым. Негізгі түрлері. Терминдер және анықтамалар*

*ГОСТ 7.83-2001 Ақпарат, кітапхана және баспа ісінің стандарттар жүйесі. Электронды басылымдар. Негізгі түрлері және шығу мәліметтері*

*ГОСТ ISO/IEC 15420-2001 Автоматты сәйкестендіру. Штрихты кодтау. EAN/UPC штрих-коды белгісінің ерекшелігі.*

**Ресми басылым**



http://www.memst.kz/ru/shop/ РГП "Казахстанский институт стандартизации и сертификации" Электронная копия нормативного документа
Страница 9 из 41

ЕСКЕРТПЕ Осы стандартты пайдалану кезінде сілтемелік стандарттар мен жіктеуіштердің қолданысын ағымдағы жылдың жағдайы бойынша «Стандарттау жөніндегі нормативті құжаттар» жыл сайын басылып шығарылатын ақпараттық көрсеткіш және ағымдағы жылда жарияланған ай сайын басылып шығарылатын ақпараттық көрсеткіш бойынша тексерген дұрыс. Егер сілтемелік құжат ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы стандартты басып шығару ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер құжат ауыстырусыз жойылса, оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

## 3 Терминдер және анықтамалар

Осы стандартта ГОСТ 7.60, ГОСТ 7.83 сәйкес, сонымен бірге, келесі терминдер анықтамалықтарымен қолданылады.

3.1 **ISBN:** Баспагер мен кітап басылымын сәйкестендіретін, тиісті ISBN тіркеу агенттігімен берілетін халықаралық стандартты кітап нөмірі.

3.2 **EAN.UCC префиксі**: Еуропалық тауарлық нөмірлеу Қауымдастығымен (EAN) берілген тауардың халықаралық нөмірінің префиксі (код).

ЕСКЕРТПЕ 2005 жылдан Еуропалық тауарлық нөмірлеу Қауымдастығы (EAN) GS1 бірыңғай еуропалық тауарлық код жөніндегі Халықаралық Кенесі болып өзгертілген

3.3 **Бақылау саны**: Арнайы математикалық алгоритм көмегімен алдыңғы барлық сандармен сәйкес келетін және ISBN нөмірінің дұрыстығын тексеру үшін пайдаланылатын ISBN нөміріндегі соңғы сан.

3.4 **Кітап басылымы**: Бір баспагер шығарған кітап өнімінің нақты түрі және бір мазмұндағы сол өнімнің көшірмесі.

ЕСКЕРТПЕ Басылым әр түрлі формада шығуы мүмкін.

3.5 **Басылым түрі:** Басылымның көлемі, мұқабасы, пішіні, материалы.

МЫСАЛЫ Романның қандай да бір басылымы өнімнің мына түрінде болады: жұмсақ мұқаба, қатты мұқаба, кассеталы аудиокітап, CD түріндегі аудиокітап, Брайл шрифті, т.б.

3.6 **Монографиялық басылым**: Көпшілікке қандай түрінде болмасын қолжетімді, бір немесе бірнеше авторға тиесілі, бір мәселенің немесе тақырыптың толық және жан-жақты мазмұнын қамтитын шектеулі бөлімдерімен немесе бір бөлігінде бүтіндей шығарма ретінде автор (баспагер) шығарған ғылыми немесе ғылыми-көпшілік басылым.

3.7 **Тіркеу тобының нөмірі:** Халықаралық ISBN агенттігімен берілген Қазақстан ISBN Тіркеу агенттігінің сандық нөмірі.

3.8 **Тіркелуші**: Қазақстан ISBN Тіркеу агенттігінен кітап басылымы үшін ISBN алған заңды және жеке тұлға.



http://www.memst.kz/ru/shop/ РГП "Казахстанский институт стандартизации и сертификации" Электронная копия нормативного документа
Страница 10 из 41

3.9 **Талап бойынша басылым:** Тұтынушының талабы бойынша өзгертілген немесе меншіктелген басылым.

## 4 Халықаралық стандартты кітап нөмірінің құрылымы

4.1 Халықаралық стандартты кітап нөмірінің құрылымы басылымның шыққан тіліне қарамастан, бір-бірінен дефис арқылы бөлінген он үш араб санынан (0-ден 9-ға дейін), төменде көрсетілген бес элементтен, ISBN аббревиатурасынан тұрады.

ISBN құрылымының элементі:

- EAN.UCC префиксі;
- тіркеу тобының нөмірі;
- тіркелушінің нөмірі;
- басылым нөмірі;
- бақылау саны.

МЫСАЛЫ ISBN 978-601-232-545-4.

4.2 **«EAN. UCC префикс» элементі**

EAN.UCC префикс – «Кітап өнімі» тауарын анықтау үшін Тауарлық нөмірлеу Еуропалық Қауымдастығымен (EAN) ISBN Халықаралық агенттігіне берілген 978-код.

4.3 **«Тіркеу тобының нөмірі» элементі**

ISBN тіркеу тобының нөмірі ISBN мемлекеттің географиялық немесе тілдік саласын анықтау үшін қызмет етеді. Қазақстан үшін тіркеу тобының нөмірі - 601.

ЕСКЕРТПЕ Қазақстан үшін ISBN Халықаралық агенттігімен бұрын берілген ISBN – 9965 тіркеу тобының нөмірі аталған топ нөмірлерін толық пайдаланғанға дейін қолданылады.

4.4 **«Тіркелушінің нөмірі» элементі**

Берілген элемент нақты баспагерді сәйкестендіреді.

*Тіркелуші нөмірін қазақстандық баспагер ISBN Халықаралық Агенттігінен Сертификаты бар, өз қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық мемлекеттік Кітап палатасының әдістемелік басшылығымен жүзеге асыратын Қазақстанның ISBN Тіркеу агенттігінен алады.*

«Тіркеуші» элементі әр баспагердің басылым санына байланысты, ұзақтығына қарай белгіленеді.

4.5 **«Басылым нөмірі» элементі**

«Басылым нөмірі» элементі ISBN сандық нөміріндегі нақты кітап басылымын сәйкестендіреді.



http://www.memst.kz/ru/shop/ РГП "Казахстанский институт стандартизации и сертификации" Электронная копия
Страница 11 из 41 нормативного документа

4.6 **«Бақылау саны» элементі**

Бақылау саны ISBN сандық бөлігін тексеру үшін пайдаланылады. *13 санды ISBN үшін бақылау нөмірі ГОСТ ISO/IEC 15420 бойынша 10 алгоритмі модулінің көмегімен есептеледі.*

## 5 ISBN тағайындау

5.1 Монографиялық басылымға ISBN тағайындау басылым үшін авторға авторлық құқық беруде заңды негіз болып табылмайды.

5.2 «Тіркелуші нөмірі» баспагерге Қазақстан ISBN Тіркеу агенттігімен алдын-ала сұранысы бойынша беріледі.

5.3 ISBN алу үшін баспагер Қазақстан ISBN Тіркеу агенттігіне кітап басылымының әрбір жарияланымы бойынша қажетті ақпаратты жолдайды. Шығу мәліметі ГОСТ 7.4 сәйкес болуға тиіс.

5.4 Әрбір кітап басылымына жеке ISBN тағайындалады.

5.5 Нақты кітап басылымына тағайындалған жеке ISBN өзгертілмейді, ISBN қате анықталған жағдайда да жаңасымен ауыстырылмайды, басқа кітап басылымында қолданылмайды.

5.6 Әр түрлі формада, әр тілде шыққан бірыңғай кітап басылымдарына (қатты, жұмсак мұқаба, Брайл шрифті, шағын пішінді баспа басылымы, бағдарламалық қамтамасыз ету, аудиокітап, видео және онлайн электронды басылымдар) әр түрлі ISBN беріледі. Сонымен бірге, электронды басылымның әр пішімінде (мысалы, «.lit», «.pdf», «.html», «.pdb») жеке ISBN болуы керек.

5.7 Жеке ISBN мына жағдайларда тағайындалады:

- басылымының атауы өзгергенде;
- 5.8 көрсетілгеннен басқа басылымның қандай да бір бөлігінде өзгеріс болған жағдайда;

5.8 Жеке ISBN мына жағдайларда тағайындалмайды:

- мазмұнына және пішініне өзгеріс енгізбей, бір баспагер шығарған басылымның қосымша тиражына;
- егер жарияланым қайта басылғанда өзгеріске ұшырамаса;
- басылымға аз ғана өзгерт
улер енгізілген кезде (мысалы, жаңылыстар, орфографиялық және редакциялық қателер орын алғанда);
- басылым бағасы өзгерген кезде.

5.9 Жеке ISBN мына жағдайда тағайындалады:

- *құрастырылған басылымдарға;*
- *мәтінді кешенді басылымдарға;*
- *аударма басылымдарына;*
- *шектеулі мәтінде және жүйелі электрондық басылымдарға, сонымен бірге Интернеттегі басылымдарға;*



http://www.memst.kz/ru/shop/ РГП "Казахстанский институт стандартизации и сертификации" Электронная копия
Страница 12 из 41 нормативного документа

*- басылымдардың электрондық түрлеріне;*

*- оқу, өндірістік-тәжірибелік өнімдерге;*

- әр түрлі пішінде басылған кітаптар мен кітапшаларға;

- Брайль шрифті пайдаланылған басылымдарға;

- тұрақты жаңартылған басылым ретінде автормен (баспагермен) жарияланбаған немесе жалғасы анықталмаған басылымдарға;

*- препринттерге, даталанған жылнамаларға;*

- ішкі пайдаланудан басқа, үйретуші және кеңес беретін фильмдерге, бейнежазбаларға, фототүсірілімдерге;

- оқыту немесе нұсқаулық бағдарламаларына;

- әр түрлі тасымалдаушыдағы аудиокітаптарға (оның ішінде, дыбысты қосымшасы бар сөйлейтін кітаптарға);

- кітап басылымдарының сандық көшірмелеріне; микропішіндегі кітап басылымдарына;

- негізгі бөлігі мәтіннен тұратын мультимедиялық мүмкіндігі аралас пішіндегі кітап басылымдарына;

*- мәтіннен өзге мазмұндағы кітап және журнал пішініндегі бейнелеу басылымдарына, оның ішінде кітап және журнал пішіндегі күнтізбелер, айқаракүнтізбелер;*

*- картографиялық басылымдарға (атластар мен карталар);*

*- нормативтік өндірістік-тәжірибелік басылымдарға;*

*- оқу, өндірістік-тәжірибелік бейнебасылымдарға;*

5.10 Жеке ISBN мына басылымдарға тағайындалмайды:

- жалғаспалы серияларға (*мысалы, сериялық басылымдарға, жинақтарда және сериялық басылымдардағы жеке жарияланымдарға);*

- уақытша баспа материалдарына (мысалы, жарнамалық материалдар және т.б.);

- ноталық басылымдарға;

- кітап және журнал пішініндегі, мәтіні берілмеген бейнелеу басылымдарына, *оның ішінде өндірістік өнімдер каталогтарына;*

- жеке құжаттарға (электрондық түйіндеме және кәсіптік профильге);

- құттықтау ашық хаттарына;

- музыкалық және дыбыс жазбаларына;

- оқу немесе өндірістік-тәжірибелік болып табылмайтын бағдарламалық өнімдерге;

*- оқу немесе өндірістік-тәжірибелік болып табылмайтын бейнелеу басылымдарына;*

- хабарландырулардың электрондық тақтасына, электрондық корреспонденцияларға;

- ойындарға;

*- бланкілер, мақтау қағазы, толтыру формаларына, затбелгілер мен басқа сәйкес өнімдерге;*



http://www.memst.kz/ru/shop/ РГП "Казахстанский институт стандартизации и сертификации" Электронная копия нормативного документа
Страница 13 из 41

- *белгілі бір ұйымның қызметкерлеріне таратуға арналған қызмет құжаттарына;*
- ISBN берілген, жарыққа шыққан кітаптар мен шығармалардың жекелеген бөліктеріне;
- *оқу жоспарлары мен бағдарламаларға, берілген оқу орнының тыңдаушылары арасында таратуға арналған әдістемелік материалдарға;*
- *диссертациялардың авторефераттарына;*
- *патенттерге.*

## 6 ISBN басылымдарда орналасуы

6.1 ISBN нөмірі басылымда бір және сол орында көрсетілуі және жеке басылымның шығу мәліметіне енгізілуі қажет.

6.2 Кітап басылымдарында ISBN басылымның титулды парағының келесі бетінде немесе төменгі бұрышында авторлық құқықты білдіретін сілтеменің алдында басылады. Қажетіне қарай ISBN басылым мұқабасының төменгі бұрышына немесе егер ISBN штрих-код түрінде берілсе, басылым мұқабасының соңғы парағында орналастырылады.

6.3 ISBN штрих-коды басылымда автоматтық есептеуге жарамды пішінде көрсетілуі қажет. ISBN штрих-кодын кітап басылымдарында пайдалануда олардың белгілерін *ГОСТ ISO/IEC 15420* сәйкес пайдалану қажет.

6.4 Электронды басылымдарда ISBN титулды бетті алмастыратын бетте немесе экранда көрсетіледі (авторлық құқық туралы белгі көрсетілген экранға шығудағы бастапқы бет).

6.5 Физикалық тасымалдаушыда шығарған кезде (аудио-, видео-дискіде) ISBN тасымалдаушының жапсырмасында немесе кез-келген тұрақты қораптың төменгі бұрышында көрсетеді (қорап, дискіге арналған конверт, жиек).

6.6 Көп томды басылымдағы ISBN.

Көп томды жарияланымдарды жариялау барысында томның нөмірін және көп томды басылымға берілген ISBN дөңгелек жақшаларда көрсете отырып, ISBN әр томға беріледі. Көп томды басылымның ISBN берілген басылымның барлық томында көрсетіледі.

МЫСАЛЫ Шаштайұлы:шығармалар жинағы. – 2-томдық. - Алматы : «Ан Арыс», 2011.

ISBN 978-601-7130-69-5 (1 т.),
ISBN 978-601-7130-68-8.



http://www.memst.kz/ru/shop/ Страница 14 из 41 РГП "Казахстанский институт стандартизации и сертификации" Электронная копия нормативного документа

6.7 Серияның бөлімі ретінде басылған жарияланымдар.

Жарияланым жекелеген түрде және сериялық басылымның кешенді құрамында болса, оны екі жеке басылым деп санау қажет, олардың әрқайсысына екі жеке басылым ретінде жеке ISBN беріледі.

Кешенді сериялық басылымның ISBN тұтас қорапта, папкада және сериялық басылымның мұқабасында көрсетіледі.

МЫСАЛЫ «Қазақ халық ертегілері» кітабы жеке басылым ретінде де, «Ең үздік балалар әдебиеті» кешенді сериялық басылымының құрамында да шығарылуы мүмкін.

6.8 Бірлескен жарияланым

Бірнеше баспагермен бірлесе шығарылған басылымда ISBN әрбір баспагер-серіктеске беріледі. Баспагердің атауына сәйкес ISBN басылымның титулды парақшасында көрсетілгендей, жақшада тырнақшасыз жазылады. Басылымда штрих-код ретінде тек бір ғана ISBN көрсетілуге тиіс.

МЫСАЛЫ Абай. Қара сөз. – Алматы: Көшпенділер, 2011.-
ISBN 978-601-218-009-1 (Көшпенділер),
ISBN 978-601-7294-10-6 (Халықаралық Абай клубы)

6.9 Қайта басу

Егер бір басылым баспагердің әр түрлі тауарлық белгісімен және басқа баспагердің тауарлық белгісімен қайталап басылса, онда жеке ISBN беріледі.

МЫСАЛЫ Рахметова С. Қазақ тілі.-Алматы: Мектеп, 2010.
ISBN 978-601-293-531-8 (Мектеп)
Рахметова.С. Қазақ тілі. – Алматы: Атамұра, 2010.
ISBN 978-601-282-285-4 (Атамұра)

6.10 Талап бойынша баспа басылымы

Міндетті басылым 5-бөлімдегі талаптарды ескере отырып жарияланады.

Мазмұны арнайы өзгертілген немесе тұтынушының тапсырысы бойынша меншіктелген және қолжетімділігі шектеулі болып табылатын талап бойынша баспа басылымын шығаруда жеке ISBN тағайындалмайды.

6.11 Электрондық басылымдар

Электрондық басылымдарға қойылатын талаптар 5-бөлімде қарастырылған.



http://www.memst.kz/ru/shop/ РГП "Казахстанский институт стандартизации и сертификации" Электронная копия нормативного документа
Страница 15 из 41

## 7 ISBN және штрих-коды

7.1 Басылымның штрих-кодын ISBN негізінде ГОСТ ISO/IEC 15420 сәйкес EAN жүйесі штрих-кодтар белгісін пайдалана отырып дайындайды. Әріптік-сандық формада ISBN нөмірі штрих-коды графикалық сызықтарының жоғары жағына басылады (1-суретті қараңыз).

7.2 *Көп томдық басылымның бір томының штрих-коды аталған томға берілген ISBN негізінде дайындалады.*

ISBN 978-601-7046-01-9

9 786017 046019

***1-сурет***



http://www.memst.kz/ru/shop/ РГП "Казахстанский институт стандартизации и сертификации" Электронная копия нормативного документа
Страница 16 из 41

## А қосымшасы
*(ақпараттық)*

## Халықаралық стандарт құрылымын ұлттық стандарт құрылымымен салыстыру
**1-кесте**

| ISO 2108:2005 халықаралық стандартының құрылымы | Ұлттық стандарт құрылымы |
|---|---|
| 1- бөлім[1)] | 1-бөлім (1-бөлім) |
| 2- бөлім[1)] | 2-бөлім |
| 3-бөлім[1)] | 3-бөлім |
| 3.1 | 3.1 ( 3.6) |
| 3.2 | 3.2 (3.1) |
| 3.3[1)] | 3.3 (3.2) |
| 3.4 | 3.4 (3.4) |
| 3.5[1)] | 3.5 (3.9) |
| 3.6 | 3.6 ( 3.7) |
| 3.7 | 3.7 (3.11) |
| 3.8 | 3.8 (3.10) |
| 3.9 | 3.9 (3.9) |
| 3.10 | - |
| 3.11 | - |
| 4-бөлім | 4-бөлім |
| 4.1 | 4.1 (4.1) |
| 4.2 | 4.2 (4.2) |
| 4.3 | 4.3 (4.3) |
| 4.4 | 4.4 (4.4) |
| 4.5 | 4.5 (4.5) |
| 4.6[1)] | 4.6 (4.6, С қосымшасы) |
| 5-бөлім[1)] | 5-бөлім |
| 5.1 | 5.1 (А.1.1) |
| 5.2 | 5.2 (5.1) |
| 5.3 | 5.3 (5.2) |
| 5.4 | 5.4 (5.3. 5.4. А.1.3. А.1.4) |
| 5.5 | 5.5 (5.3. 5.4. А.1.4) |
| 5.6 | 5.6 (5.5. А.1.5. А.1.7) |
| - | 5.7 (5.6. А.1.6. А.1.8) |
| - | 5.8 (5.6, А.1.6, А.1.8) |
| -[1)] | 5.9 (А.1.9) |
| -[1)] | 5.10 (А.1.10; А.1.11) |
| 6 -бөлім[1)] | 6-бөлім |
| 6.1 | 6.1 (6.1; 6.3.3) |



http://www.memst.kz/ru/shop/ РГП "Казахстанский институт стандартизации и сертификации" Электронная копия нормативного документа
Страница 17 из 41

**1-кесте** *(жалғасы)*

| **ISO 2108:2005 халықаралық стандартының құрылымы** | **Ұлттық стандарт құрылымы** |
|---|---|
| 6.2 | 6.2 (6.2.1, 6.2.2) |
| 6.2.1 | - |
| 6.2.2 | - |
| 6.2.3 | - |
| 6.3 | 6.3 (6.2.3) |
| 6.3.1 | - |
| 6.3.2 | - |
| 6.3.3 | - |
| 6.4 | 6.4 (6.3.1) |
| - | 6.5 (6.3.2) |
| - | 6.6 (6.4; A.2) |
| - | 6.7 (A.3) |
| - | 6.8 (A.4) |
| - | 6.9 (A.5. A.5.1; A.5.2) |
| - | 6.10 (A.6) |
| - | 6.11 (A.7) |
| 7-бөлім[1)] | 7-бөлім |
| - | 7.1 (6.2.3); |
| - | 7.2 |
| - | |
| 8-бөлім[1)] | - |
| А қосымшасы[1)] | - |
| В қосымшасы[1)] | - |
| С қосымшасы[1)] | - |
| D қосымшасы[1)] | - |
| E қосымшасы[1)] | - |
| F қосымшасы[1)] | - |
| Библиография[1)] | - |
| - | А қосымшасы *(ақпараттық)* |

[1)] ISO 2108:2005 халықаралық стандартына сәйкес құрылымы, тармақтары мен тармақшалары және мазмұнының өзгеруі туралы түсініктемелер, қосымшалар осы стандарттың Кіріспесінде көрсетілген.

ЕСКЕРТПЕ Стандарттың «Ұлттық стандарт құрылымы» осы стандарттың бөлімдері мен тармақтарынан кейін жақшада оған енгізілген ISO 2108:2005 халықаралық стандартының бөлімдері, тармақтары, тармақшалары, қосымшалары (олардың тармақтары) көрсетілген.



http://www.memst.kz/ru/shop/ РГП "Казахстанский институт стандартизации и сертификации" Электронная копия нормативного документа
Страница 18 из 41

**ӘОЖ 655.527:006.354** **МСЖ 01.140.30**

**Түйінді сөздер**: Халықаралық стандартты кітап нөмірі (ISBN), басылым, шығу мәліметі.



http://www.memst.kz/ru/shop/ РГП "Казахстанский институт стандартизации и сертификации" Электронная копия нормативного документа
Страница 19 из 41

***Ескертулер үшін***


http://www.memst.kz/ru/shop/ РГП "Казахстанский институт стандартизации и сертификации" Электронная копия нормативного документа
Страница 20 из 41

**НАЦИОНАЛЬНЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**Система стандартов по информации, библиотечному и издательскому делу**

# ИЗДАНИЯ
# МЕЖДУНАРОДНЫЙ СТАНДАРТНЫЙ КНИЖНЫЙ НОМЕР (ISBN)

## Издательское оформление и использование

**СТ РК 994-2012**

*(ISO 2108:2005 Information and documentation.*
*International Standard Book Number (ISBN), MOD)*

**Издание официальное**

**Комитет технического регулирования и метрологии**
**Министерства индустрии и новых технологий Республики Казахстан**
**(Госстандарт)**

**Астана**

http://www.memst.kz/ru/shop/
Страница 21 из 41
РГП "Казахстанский институт стандартизации и сертификации"
Электронная копия
нормативного документа

## Предисловие

**1 РАЗРАБОТАН И ВНЕСЕН** РГУ «Национальная государственная Книжная палата Республики Казахстан»

**2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ** Приказом Председателя Комитета технического регулирования и метрологии Министерства индустрии и новых технологий Республики Казахстан от 08 октября 2012 г. № 472-од

**3** Настоящий стандарт модифицирован по отношению к международному стандарту ISO 2108:2005 Information and documentation. International Standard Book Number (ISBN) (ISO 2108-2005 Информация и документация. Международный стандартный книжный номер (ISBN)), путем изменения структуры и внесения дополнительных положений (требований), что обусловлено причинами, разъяснения которым даны во Введении настоящего стандарта.

Международный стандарт ISO 2108:2005 разработан Техническим комитетом ISO/TC 46, Информация и документация, подкомитетом SC 9 «Определение и описание».

Перевод с английского языка (en).

Официальный экземпляр международного стандарта ISO 2108:2005, на основе которого разработан настоящий национальный стандарт, имеется в Едином государственном фонде нормативных технических документов

Сравнение структуры международного стандарта со структурой настоящего стандарта приведено в Приложении А.

Степень соответствия - модифицированная (MOD).

**4 СРОК ПЕРВОЙ ПРОВЕРКИ** 2017 год
**ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕРКИ** 5 лет

**5 ВВЕДЕН ВЗАМЕН** СТ РК 994-96 Система стандартов по информации, библиотечному и издательскому делу. Издания. Международная стандартная нумерация книг. Структура, состав, написание.



http://www.memst.kz/ru/shop/ РГП "Казахстанский институт стандартизации и сертификации" Электронная копия нормативного документа
Страница 22 из 41

